

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



K. S. Baigaliyev
К.С.Байғалиев

**2023- 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУ- ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЖОСПАРЫ**

29 тамыз 2023 жылы

К.Шакенов атындағы орта мектептің педагогикалық кеңесінде талқыланды

Мектептің 2022-2027 оқу жылдарына арналған тақырыбы

«Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіре отырып, оқу үдерісінде инновациялық тәсілдерді қолдау арқылы білім сапасын арттыру».

Нормативтік – құқықтық актілер

Мектепте басшылығы төмендегі ішкі тәртіпті реттейтін ресми құжаттарды, ұйғарымдарды, ережелер мен тұрғыларды негізге алады:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі
2. Мекеме жарғысы
3. Білім беру әрекетін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензия
4. Білім беру әрекетін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензия қосымшасы
5. Медициналық қызмет көрсетуге құқығы мен лицензиясы
6. Статистикалық карта
7. Ғимарат пен құрылыстарды пайдалануға арналған СЭҚ, МӨҚ-нің ТЖ-ның анықтамасы мен қорытындысы.
8. «Жарма ауданы білім бөлімі»ММ-нің мектептің оқу жылына дайындығын тексеру Актісі
9. Іс-номенклатурасы
10. Сабақ кестесі санитарлық нормалар мен талаптарға сай құрылған
11. Мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары мен штаттық кесте
12. Мектепшілік нормативті және бұйрық құжаттары , қатаң есептілік құжаттары
13. «Жарма ауданы білім бөлімі»ММ-мен келісімін, мектеп директоры бекіткен жұмыс оқу жоспары
14. Оқу-тәрбие жоспары , педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңесі хаттамалары
15. Жалпыға бірдей міндетті оқу Заңы туралы мәлімет
16. Оқушыларды тіркейтін алфавиттік кітап, соңғы 3 оқу жылындағы оқушылар контингенті бойынша мәлімет
17. Оқушылардың ауысуы, қабылдануы, мектепке қайта алынуы туралы құжаттар
18. Қатаң есептілік құжаттарын беру және оларды есепке алу туралы ақпарат (аттестаттар бланкісін есепке алу мен беру кітабы, кіріс және шығыс бланктерін есепке алу кітабы)
19. Педагогикалық қызметкерлердің қажетті жеке құжаттары (жеке іс парағы суретімен, өмірбаян , диплом көшірмесі , жеке еңбек келісім шарты, біліктілік санатының көшірмесі , ЖСН , білім жетілдіру курсынан өту туралы куәлігі.) Еңбек кітапшасы және мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің жеке құжаттары сейфте сақталады.
20. Барлық мектеп қызметкерлеріне жыл сайын қауіпсіздік техникасына байланысты нұсқаулық жүргізіледі және қауіпсіздік журналы талапқа сай жүргізілуі.
21. Кіріс және шығыс журналдары, педагогикалық кадрлардың- бұйрық кітабы, есеп кітаптары нөмірленіп, тігілген, мөр басылған, директор бекіткен.
22. ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі өрт қауіпсіздігін қадағалау ұйымдастырылады.

Мектептің төлқұжаты

Атауы: Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен жайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Жаңаөзен ауылы, М.Дулатұлы көшесі №2

Телефон: 42-757

Мектеп директоры: Байғалиев К.С.

Білім беру мекемесі: Абай облысы, Жарма ауданы, Жаңаөзен ауылы, М.Дулатұлы №2, 2 қабатты типтік ғимаратта орналасқан.

Проект қуаттылығы: 264

Мекеменің ашылу жылы: 2004 жыл

Оқушылар саны: 283

1-4 сыныптар-102

5-9 сыныптар-131

10-11 сыныптар-50

Толық құрылымдағы сыныптар саны:

1-11 сыныптар -22

1-4 сыныптар-8

5-9 сыныптар -10

10-11 сыныптар-4

Педагог кадрлар туралы мәлімет:

Пән мұғалімдер саны-44

Психологтар-1

Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері -4 (2 кіші орталық тәрбиешілері)

Кітапханашылар-1

Тәлімгер-1

Педагогикалық қызметкерлерді білімдеріне қарай бөлу:

Жоғары білімді-40

Арнаулы орта білімді -4 (2 мұғалім, 2 кіші орталық тәрбиешісі)

Кадрларды біліктілік санаттарына қарай бөлу:

Жоғары санаттағы мұғалімдер -0

Бірінші санаттағы мұғалімдер-0

Екінші санаттағы мұғалімдер-1

Педагог-шебер-1

Педагог-зерттеуші-7

Педагог-сарапшы-4

Педагог-модератор-23

Санатсыз-10

Оқу режимі -2 ауысым

Оқу тілі- қазақша

I Кіріспе

1 2023-2024 оқу жылында оқушылар мен мұғалімдер ұжымының жұмыстарын ұйымдастыру.

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі»КММ жалпы орта білім беретін бағытында жұмыс істейді. Мектеп мемлекеттік тілде білім береді.

2023-2024 оқу жылында 22 сынып жиынтықта,яғни,1-11 сыныптарында 283 оқушы білім алады. Барлығы мектепте 2 мектепалды даярлық тобы және 1 шығын орталық жұмыс істейді. Мектепалды даярлық тобында-25 бала,шағын орталықта 30 бала тәрбиеленеді.

Мектеп бойынша барлық баланың саны-338

| Сынып | Оқушылар саны | Сынып жетекшісінің Т.А.Ә. |
|--------------|----------------------|----------------------------------|
| МАД «Ә» | 12 | Нурбаева Д.Б. |
| МАД «А» | 13 | Метеева Д.А. |
| 1 «Ә» | 11 | Смагулова Г.Т. |
| 1 «А» | 12 | Доненбаева С.Б. |
| 2 «Ә» | 13 | Бақыт Г. |
| 2 «А» | 11 | Абиленова Г.С. |
| 3 «Ә» | 13 | Құмарова М.К. |
| 3 «А» | 14 | Айжанова Ж.Н. |
| 4 «Ә» | 12 | Рахимғалиева А.Д. |
| 4 «А» | 15 | Нурмухамбетова С.С. |

| | | |
|--------|----|-------------------|
| 5 «Ә» | 14 | Барлыхова А. |
| 5 «А» | 15 | Мадыбаева А.О. |
| 6 «Ә» | 15 | Жакупбекова Э.М. |
| 6 «А» | 15 | Аманжолова А.Т. |
| 7 «Ә» | 15 | Бақытқызы Г. |
| 7 «А» | 16 | Мукаштаев Н.Н. |
| 8 «А» | 13 | Бейсенбинова Ж.Т. |
| 8 «Ә» | 11 | Болт Н.В. |
| 9 «А» | 12 | Сулейменова С.М. |
| 9 «Ә» | 11 | Мухатова Д.Д. |
| 10 «А» | 11 | Ахметова А.Қ. |
| 10 «Ә» | 15 | Нысанғалиева Д.А. |
| 11 «А» | 10 | Ашимханова С.А. |
| 11 «Ә» | 15 | Бажаева Т.М. |

Кабинет меңгерушілері. Мектепте барлығы 21 кабинет бар:

| р/с | Меңгерушінің аты-жөні | кабинет | Тазалық қа жауапты сынып | Сынып жетекшісінің аты –жөні |
|------------|------------------------------|----------------|---------------------------------|-------------------------------------|
| 1 | Сулейменова С.М. | №17 | 9 «А» | Сулейменова С.М. |
| 2 | Солтыбаева Н.А. | №33 | 11 «а» | Ашимханова С |
| 3 | Жақсыбаев С.Ж. | №19 | 7 «а» | Мукаштаев Н |
| 4 | Балтабаев Д.К. | №32 | 10 «А» | Ахметова А.Қ. |
| 5 | Әділғазықызы А. | №31 | 5 «А» | Мадыбаева А.О. |
| 6 | Аманжолова А.Т. | №20 | 6 «Ә» | Аманжолова А.Т. |
| 7 | Бейсенбина А.С. | №24 | 10 «Ә» | Нысанғалиева Д.А. |
| 8 | Бажаева Т.М. | №25 | 11 «Ә» | Бажаева Т.М. |
| 9 | Жакупбекова Э.М. | №24 | 6 «Ә» | Жакупбекова Э.М. |
| 10 | Абиленова Г.С. | №6 | 2 «А», | Абиленова Г.С. |

| | | | | |
|----|--------------------|-----|-----------------|-------------------------------------|
| | | | 1 «Ә» | Смагулова Г.Т. |
| 11 | Метеева Д.А | №4 | Даярлық тобы | Метеева Д.А., Нурбаева Д.Б. |
| 12 | Рахимғалиева А.Д. | №7 | 3 «А», 4 «Ә» | Айжанова Ж.Н. Рахимғалиева А.Д. |
| 13 | Садвакасова А. | №3 | Садик | Садвакасова А. |
| 14 | Омарханова Б. | №2 | Садик | Омарханова Б. |
| 15 | Барлыхова А. | №16 | 5«Ә» | Барлыхова А. |
| 16 | Нурмухаметова С.С. | №15 | 4 «А», 3 «Ә» | Нурмухаметова С.С. Құмарова М.К. |
| 17 | Бейсенбинова Ж.Т. | №13 | 7 «Ә» | Бейсенбинова Ж.Т. |
| 18 | Доненбаева С.Б. | №14 | 1 «А» 2 «Ә» | Доненбаева С.С. Бақыт Г. |
| 19 | Калиев К.А. | №29 | 9 «ә» | Мукатова Д.Д. |
| 20 | Бейсенбин Б.Ғ. | №8 | 8 «ә» | Болт Н.В. |
| 21 | Балтабаев Д. | №18 | 8 «а» | Балтабаев Д |

Сабақтың тәртібі:

Мектепте екі ауысымда, оның ішінде 1-11 сыныптар бойынша бірінші ауысымда -18 класс-комплект, екінші ауысымда 4 класс-комплект жұмыс жүргізеді. 2021-2022 оқу жылы басында титул бойынша 2 толық күнді кіші орталық, 2 мектеп алды даярлық сыныптары, 1-11 сыныптар бойынша 22 класс-комплекттері, оның ішінде 1-4 сыныптарда-8, 5-9 сыныптарда-10, 10-11 сыныптарда 4 класс-комплект саны бекітілген.

| I ауысым | II ауысым |
|----------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
| МАД, 1а, 1ә, 4а, 4ә, 5а, 5ә, 6а, 6ә, 7а, 7ә, 8а, 8ә, 9а, 9ә, 10а, 10ә, 11а, 11ә. | МАД, 2а, 2ә, 3а, 3ә. |

II. Жалпыға бірдей білім беру заңын орындау

1. Мемлекеттің жалпыға міндетті стандартының орындалуы. Білім берудің сапасын басқару.

Білім берудің сапасын арттыруда, білім мекемелеріндегі басқарманың атқаратын қызметтерінің мазмұнына, сонымен қатар мектепшілік бақылауды ұйымдастыруда да жаңа бағыттарды талап етеді.

Педагогтардың қызметін қадағалауды ұйымдастыруда, әр педагогпен жекелей тіл табысуды күшейтуді керек етеді. Мұнда- ең бастысы педагогтардың мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жеке басының дамуын объективті бағалау мен бақылау қажет етіледі.

Оқу мекемесіндегі оқу-тәрбие жұмысының аналитикалық қызметі-мектепшілік бақылау жоспары бойынша іске асырылып, кейбір педагогтардың мақсаты мен жұмыс қорытындыларының сәйкес келмеген тұстарын анықтайды. Бақылау мен тексерудің міндеттерін әкімшілік мүшелері: директор К.С. Байғалиев, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ.Т. Ашимханов, Д.Б. Унұспаева, Г.Ж.Тагаева атқарады.

Олар бақылаудың ұстаз тұлғасына көп әсері тиетінін білетіндіктен жауапкершілікпен қарайды. Мектеп әкімшілігі үшін ұстаздың кәсіби шеберлігі мен біліктілігі маңызды. Бақылау - жас маманның кәсіби өсуіне септігін тигізеді. Мектепте жас мамандардың кәсіби бейімделуіне, әдістемелік көмек көрсету, оңды қасиеттерін жетілдіруге, ұжымның қоғамдық өміріне белсене қатысуына ықпал жасау, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу мақсатында «Жас маман» мектебі жұмыс жасайды. Жас мамандар туралы мәліметтер жинақталып, оларға тәлімгерлер тағайындалды.

2023-2024 оқу жылында жоспар бойынша жас мамандармен «Мектеп құжаттарын толтыру, жеке іс-қағаздар толтыру ережелері», «Жас маманның сабаққа дайындығы: күнтізбелік-тақырыптық жоспар, күнделікті сабақ жоспарын құру», «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру», Күнделік электронды журналын толтыру тақырыптарында практикалық сабақтар өткізілді.

Есеп беру кезеңінде МІБ бекітілген жоспар бойынша және жүйелілік пен дифференциалды, объективті түрде, ашық жұмыс істеді. МІБ білім берудің сапасын көтеруде мынадай әдіс-тәсілдер жүзеге асырылады: сабаққа қатысу мұғалімдермен әңгіме, сауалнама алу, тест, бақылау білім кестесі, мектептің құжаттарын оқып, үйрету. Мектеп әкімшілігінің қызметі білім беру сапасын көтеруде мынадай кезең бойынша жұмыс атқарады. Мектепшілік бақылау бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі:
-Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау;
-Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;

-Оқу процесінің сапасын бақылау;
-Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;
-Оқу жоспарын ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын бақылау;
-Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;

- Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс -шаралардың сапасын бақылау;
Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс -шаралардың сапасын бақылау;
-Материалдық-техникалық базаның нығаюын бақылау;

Оқу үрдісін ұйымдастыру, педагогикалық қызметтің нәтижелілігі деген бақылау мақсаты ұжым қызметіндегі сабақ берілудегі жекеленген сұрақтарды терең оқып үйретуге, әдістемелік бірлестіктердің, жеке мұғалімнің сабақ беру сапасын бақылауға және мұғалімнің кәсіби қиыншылықтарын алдын алуға бағытталған.

Бақылаудың негізгі формасы -мұғалімнің сабағына қатысып, содан кейін талдау мен өзін-өзі талдау. Жаңадан келген мұғалімдерге (еңбек өтілі 0-3 жыл шамасындағы) қайта келген мұғалімдерге және аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге көп көңіл бөлінеді. Ағымдағы және тақырыптық бақылауда мұғалімнің сабақта негізгі күзіндеттіліктерді дамытуда пайдаланатын әдіс-тәсілдеріне бейіналды даярлықта ұйымдастырылуы қадағаланады. Жеке бақылауда методикалық көмек қажет ететін мұғалімдер, аттестаттаудан өтетін мұғалімдер болады. Жас мамандардың сабағына қатысу барысында сабақ жоспарларын жасаудағы, сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтауда, сабақ барысын ұйымдастыруда, оқушыларды бағалауда т.б. жағдайларда кәсіби қиыншылықтар туындағаны анықталды.

Оқу жылы бойы 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындықтарын жүйелі бақылау ерекше назарда болды. Бұл бақылау аясында санитарлық талаптарды сақтай отырып 10-15 оқушының қатысуымен консультациялар өткізілді. Сонымен қатар жекелеген пәндер бойынша пән мұғалімдерінің және мектеп психологының да бағдарламалары, жұмыс жоспарлары жасалынды. Жоспарға сәйкес 11 сынып оқушыларың ҰБТ-ға дайындау үздіксіз жүргізілді. Оқу жылының басынан таңдау пәндері анықталып, негізгі және таңдалған пәндерге мұғалімдер жүктеліп, оқушыларға сабақтан тыс қосымша сабақтар кестесі жасалды. Оқушы, ата-ана және мектеп директоры, директордың ОІЖ орынбасарлары және ҰБТ орталығының филиал директорымен бірлесіп, қашықтықтан жиналыстар өткізілді. Мектеп психологы тарапынан жеке оқушыларға арналған психологиялық тренингтар жүйелі түрде өткізіліп тұрды.

Мектепшілік бақылаудың тағы бір маңызды бөлігі -мектеп құжаттарымен жұмыс болып табылады. Бұл бақылаудың мақсаты-мектеп құжатының толтырылуының жүйелілігі, сапалылығын тексеру. Бақылаудың негізгі формасы тексеру, қарау және мұғаліммен жеке әңгіме. Жыл бойы оқушы күнделігінің жағдайы, оқушы дәптері, жеке істері тексеріледі. Электронды сынып журналының толтырылу сапасы, мұғалімнің кунтізбелік және сабақ жоспарлары, вариативті сабақтардың жүргізілуі мен консультациялардың өткізілуі МІБ жоспарына сәйкес жиі

тексерілді.

Білім беру саласын көтеруде бақылау жүйесінде мониторингтің алатын орны ерекше. Мониторингсіз мұғалімнің жұмысын талдау, жоспарлаудың негізгі міндеттерін айқындау мүмкін емес. Мониторинг деректері оқу – тәрбие жұмыстарының аяқ алысын бақылап, бағалауға даму жолдарын алдын ала болжауға, кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді. Мониторинг педагогикалық ұжымның дамуына, мұғалім қызметін әдістемелік білімнің жетілдіруіне ықпал етеді. Соның арқасында оқушының алған білімінің сапасын, оқыту, тәрбие

деңгейін көруге болады. Мониторинг деректері оқу-тәрбие үрдісіндегі сапаны көтеруде өткізілген іс - шаралардың тиімділігін көрсетеді.

Мониторинг пән мұғалімдерінің жекелей оқушының және сынып бойынша бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша, тоқсандық және жартыжылдық білім сапасымен оқу үлгерімі бойынша жасалады. Мектеп бойынша жиынтық мониторингті әкімшілік жасайды. Мұндай, «төменнен жоғарыға» мониторингісі мектептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі сапаны көтеру іс- шаралары қаншалықты деңгейде жүргізілгенін көрсетеді. Әр тоқсан бойынша сыныптық және әр пән бойынша мониторинг жасалынып отырады. Мониторинг көрсеткендей жыл қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасы 62 % көрсетті.

МІБ мәселелері педагогикалық кеңесте және директор жанындағы отырыстарда, әдістемелік кеңестерде талқыланып, үнемі қаралып отырады. МІБ қызметін арттыру мақсатында жаңа оқу жылында мектепшілік бақылаудағы орын алған қателіктерден арылу керек:

- Әдістемелік бірлестіктерде педагог қызметінің түзету қорытындысы жүргізілмейді.
- Бірізгілікті бақылаудан (сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, мектеп құжаттамасы) арылу.
- Бақылаудың бірыңғай түрінен арылу.
- Бақылаудың тек қана лауазымды адамдардың, ӘБ жетекшілері, тәжірибелі педагогтар жағынан болуынан арылу.

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарының мазмұны

| | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 1-бөлім. Мектеп туралы ақпараттық анықтамалық | |
| 2 –бөлім. 2022-2023 оқу жылының талдамасы | |
| 3–бөлім. 2023-2024 оқу жылындағы мақсат- міндеттері Міндеттерді орындау бағыттары (Өзекті мәселелері, зерттеу кезеңдері, циклограмма, пәндік – әдістемелік апталықтар) | |
| 4–бөлім. Мектепшілік басқару және бақылау | |
| 5- бөлім. Мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы педагогикалық ұжымның іс- әрекеті Қазақстан Республикасында білім беруге байланысты саясатты жүзеге асыру | |
| 6- бөлім. Педагогикалық кадрлармен жұмыс | |
| 7- бөлім. Оқу-тәрбие жұмысын психологиялық-педагогикалық және әдістемелік бақылау | |
| 8- бөлім. 2023-2024 оқу жылында жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсат- міндеттері, күтілетін нәтиже | |
| 9- бөлім. Мектептің материалдық- техникалық базасын нығайту және оқу үрдісінің қаржылық қамтамасыз етілуі | |
| 10- бөлім. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің міндет бөлінісі | |

I. Оқу- тәрбие үрдісінің апталық циклограммасы

| Апта күні | Мазмұны | | | | Әкімшілік бақылау: |
|------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | I апта | II апта | III апта | IV апта | |
| Дүйсенбі Ашық есік күні және бірыңғай тәрбие сағаттар күні | Сынып жетекшілер семинары | Әдістемелік кеңес | Психологиялық семинар | Директор жанындағы кеңес | Әкімшілік бақылау: қашықтықтан өткізілетін сабақтардың жүргізілуін, электронды журналдың толтырылуын қадағалау |
| Сейсенбі Оқу-әдістемелік күн | Әкімшіліктің әдістемелік бірлестік жетекшілермен бас қосуы (оқу мазмұны, әдісі, құрал, тәрбие жұмысы) | Әдістемелік пән бірлестігі отырысы. | Жас мамандар мектебінің оқуы | «Зерде» ОҒК отырысы | Әкімшілік бақылау: бірлестік отырысының жүргізілуін қадағалау |
| Сәрсенбі Директор күні | Нормативті- құқықтық, қаржылық, материалды- техникалық, бағдарламалық, әдістемелік жұмыстардың жүргізілуі туралы әкімшілік кеңесі | Құжаттармен жұмыс, оқушылардың сабаққа қатысуы, қозғалысы, тәртібі, үлгерімі туралы жаппай оқу штабының мәжілісі | Жеке қабылдау (оқушы, мұғалім, қабылдау) жеке әңгімелесу | Ата-ана және қоғамдық ұйымдар өкілдерімен кездесу | Әкімшілік бақылау: нормативті-құқықтық, қаржылық, материалды- техникалық, бағдарламалық, оқу әдістемелік жұмыстарды бақылау |
| Бейсенбі Денсаулық және тазалық күні | Экологиялық клубтың мәжілісі | Санитарлық, нарко бекеттердің отырысы | Салауатты өмір салтын қалыптастыру (спорт секцияларының жұмысы) | Салауатты өмір салтын қалыптастыру (спорт секцияларының жұмысы) | Әкімшілік бақылау: Мектеп ауласының, пән кабинеттерінің санитарлық, гигиеналық жағдайын бақылау |
| Жұма Сыныптан тыс жұмыстар күні | Үйірме, клубтар, секция жұмысы сыныптан тыс шаралар | | Мектептегі секциялар, үйірмелер жұмысы | Мектепшілік- шаралар | Әкімшілік бақылау: Үйірме, клуб, секция жұмыстарының жүргізілуін қадағалау |

II. Мектеп жұмысының жылдық циклограммасы

| № | Жұмыстүрі | Мерзімі | Нәтижесі | Жұмыстың жалғасы |
|---|-------------------------------------------------------|----------------|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспарын жүзеге асыру | Тамыз-қыркүйек | Күнтізбе жоспарын жасау, жаңартылған білім Стандарты және Бағдарламасымент анысу | Мұғалімдердің пән бойынша және факультатив, таңдау курстарына арналған күнтізбе жоспар стандарт, бағдарлама, әдістемелік нұсқаулыққа сай жасауын ұйымдастыру |
| 2 | Педагогикалық кеңестерді ұйымдастыру | Жылына 5рет | Хаттама | Педагогикалық кеңестің қаулысы және қаулының орындалуы |
| 3 | Директор жанындағык еңес | Айына 1рет | Хаттама | Мектепшілік бақылау анықтамаларын талқылау |
| 4 | Мектептің оқу үдерісін ұйымдастыру | Жылына 2-рет | Сабақ кестесі мен Қоңырау кестесін жасау | Оқу жұмыс жоспарына сай пән бойынша және факультатив, таңдау курстарының Апталық сабақ кестесін жасау |
| 5 | Мектептің төлқұжатын жасау | Жылына 1рет | Мектептің төлқұжатын жасау | Мектептің тақырыбы мен мақсатын, міндетін, оқушылардың жылдың Басындағы контингетін, мұғалімдер туралы мәліметін жинақтау |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету | Жылбойы | Оқушыларды мектепкеқабылдау | Мектепке келген оқушылардың құжаттарын қабылдау, бұйрық шығарып,анықтама беру, үйден оқытатын оқушыларды анықтау. |

| | | | | |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|----------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7 | 0-18 жасқа дейінгі Балаларды есепке алу | 2-рет (тамыз, қаңтар) | Мөлтек есебін алу | Мектептің мөлтек ауданында тұратын балаларды есепке алу, арнайы форма бойынша дәптерге тіркеу, балалардың тізімінің электронды жинағын жасау, мүгедек, оқумен қамтылмаған балаларды анықтау |
| 8 | Тарификация жасау | Қыркүйек Қаңтар | Мұғалімдерге тарификация жасау | Білімі, мамандығы, санаты мен өтіліне және сағатына сай тарификация жасау |
| 11 | Сабақтарға қатысу | Аптасына 5-6 сабақ | Сабақты талқылау | Мұғалімдер мен әңгімелесу, ашық сабақтарын жоспарлауға мән беру, әдістемелік жұмыс жоспарларына түзетулер енгізу. |
| 13 | ӘБ отырыстары: Бастауыш сыныптар ӘБ; пән мұғалімдерінің ӘБ; Сынып жетекшілерінің ӘБ. | Тоқсанда 1 рет | Хаттама | Сабақтарға қатысу, ашық сабақтар мен іс-шаралар. |
| 15 | Оқушылардың қозғалысы Туралы есеп | Тоқсанда 1 Рет | Есеп | Оқушылардың келген, кеткен туралы есебі, бұйрығы, анықтама қағаздары |
| 16 | Оқушылардың білім Сапасының деңгейінің есебі | Тоқсанда 1 рет | Есеп | Сыныптық, пәндік білім деңгейінің көрсеткішінің есебі |
| 21 | «Күнделік.кз» жүргізілуін бақылау | Үнемі | Анықтама | Ескертулерді жоюды бақылау. |
| 22 | Оқушылардың жеке Құжаттарын тексеру | Жылына 2 рет | Анықтама | Ескертулерді жоюды бақылау. |
| 24 | Мұғалімдердің өз бетімен білім алуы (семинар, курстар, т.б.) | Үнемі | Өз бетімен білім алу тақырыптарының тізімі, жүзеге асыру жоспары. | Тәжірибемен бөлісу бойынша баяндамалар, басылымдар. |

| | | | | |
|----|---------------------------------------------|-----------------|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 32 | Инклюзивті оқыту (үйде оқытуды ұйымдастыру) | Жыл бойы | Сұраныс,бұйрық, Кестелермен журналы | Үйде оқыту бойынша құжаттарды жинастыру, жоспарларды бекіту |
| 33 | Мектепшілік бақылау | Жоспарға сәйкес | Анықтама | Директордың жанындағы отырыста талқылау |

**Педагогикалық кеңес
2023-2024 оқу жылы**

| Р/с | Тақырыптар | Мерзімі | Жауапты адамдар |
|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|------------------------------------------------------|
| 1 | 2022-2023 оқу жылының қорытындысы - Қ.Т. Ашимханов 2023-2024 оқу жылына арналған ӨНХ ерекшелдіктерімен таныстыру - Қ.Т. Ашимханов Жазғы демалысты ұйымдастырудың қорытындысы. Тәрбие бағдарламасы – Г.Ж. Тагаева Мектепшілік бақылауды жүзеге асыру- Д.Б.Унускаева Әр түрлі сұрақтар | 29.08 | Мектеп директоры ОДЖО ТДЖО ОДЖО |
| 2 | 1) 2023-2024 оқу жылы I-тоқсанның қорытындысы 2) Мұғалімдерді аттестациялаудың жаңа ережесі 3) 2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің рейтингісінің жүргізілуі 4) Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы 5) Әртүрлі сұрақтар | 23.11 | Мектеп директоры ОДЖО ТДЖО |
| 3 | 1. II тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы 2. I жартыжылдықта мұғалімдер қызметінің нәтижелері және оқушылардың әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға олимпиадаларға қатысу сапасы. 3. Қортынды аттестацияға, ҰБТ ға дайындық жұмыстарының барысы, мәселелері мен тиімді жолдары. 4. Әртүрлі сұрақтар. | 12.01 | Мектеп директоры ОДЖО ТДЖО |
| 4 | 1. III тоқсан білім сапасының қорытындысы 2. 9,11 сыныптарда қортынды аттестацияның өткізілуі. 5-8,10- сыныптардағы емтихандардың өткізілуі. 3. Мұғалімдердің аттестациядан өткізілуі. 4. Мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы. 5. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы. 6. Әр түрлі сұрақтар. | 08.04 | Мектеп директоры ОДЖО ТДЖО |

| | | | |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-------------------------------------------------------------|
| 5 | <p>1.2023-2024 оқу жылының білім қорытындысы.</p> <p>2.2023-2024 оқу жылының білім қорытындысы бойынша 1 - 4 сынып жетекшілерінің есебі</p> <p>3.Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы.</p> <p>4.Мұғалімдердің рейтингісінің қорытындысы.</p> <p>5. Қосымша сұрақтар.</p> | 23.05 | <p>Мектеп директоры</p> <p>ОДЖО</p> |
| 6 | <p>1.2023-2024 оқу жылында 5-8,10 сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен емтихан қорытындысы.</p> <p>2. 5-8, 10 сыныптар бойынша үздік оқушыларды тізімін бекіту. Марапатқа ұсыну.</p> | 03.06. | <p>Мектеп директоры</p> <p>ОДЖО</p> |
| 7 | <p>1. 2023-2024 оқу жылындағы 9-11 сыныптарда қорытынды аттестаттау қортындысы</p> <p>2. 11-сынып бойынша мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту</p> | 12.06 | <p>Мектеп директоры</p> <p>ОДЖО</p> <p>Сынып жетекшілер</p> |

Директор жанындағы кеңес жоспары

Мақсаты: Мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, білім сапасы мен тәрбие жұмысының есебін талқылау, мектептің жұмысын реттеу

| Ай | Кеңес тақырыптары, мәселелері | Жауапты |
|-----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| Қыркүйек | Электронды журналдың толтырылу жағдайы Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы Жаппай оқумен қамтылу жағдайы Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру Оқушылардың оқу нәтижелері мен оқу әрекеттерінің мониторингі | Дирекция мүшелері |
| Қазан | Тәрбие құндылықтарын пәндік мазмұн арқылы іске асыру. 1-4 сынып бойынша математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары Көркем еңбек, бейнелеу өнері пәнінің берілуі Токсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі | Дирекция мүшелері |
| Қараша | 9 сыныптардағы тарих, Адам.Қоғам.Құқық пәндерінің оқытылу жағдайының қорытындысы II тоқсан бойынша 5-10 сыныптардың математика, физика пәндерінен алынған бақылау жұмыстарының қорытындысы Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің жазба жұмыстарын тексеру қорытындысы. Күнделік КЗ тексеру қорытындысы. | Дирекция мүшелері |
| Желтоқсан | 7-8 сыныптардағы биология пәнінің оқытылу жағдайын бақылау және қорытындысы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Унұспаева Д.Б. Жас және жаңадан келген мамандардың кәсіби шеберлігінің қорытындысы туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Унұспаева Д.Б. 9- сыныптардың ОЖСБ-ға дайындық барысы Директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. 5,6,9,10- сыныптардың математика, 10,11 сыныптардың физика пәндерінің дәптерлерін тексеру қорытындысы директордың бағдарлы оқу ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. Халықаралық ЖИТС-не күрес айлығының қарсы күрес айлығының іс-шараларының орындалуының қорытындысы. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тағаева Г.Ж. | Дирекция мүшелері |

| | | |
|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| Қаңтар | Ата-аналар жиналысының жүргізілуі Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру Бастауыш класс бойынша оққылықтармен жұмыстардың жай-күйі Педагогтардың тәжірибесін жақсарту мақсатында шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы | Дирекция мүшелері |
| Ақпан | БЖБ, ТЖБ тексеру 5-ші сыныптарда сабақтастықты қадағалау қорытындысы Оқушылардың бос уақытының қамтылуы | Дирекция мүшелері |
| Наурыз | Балалар мен жоспар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері бойынша өзара іс қимылдың психологиялық аспектілері. 4-9 сынып оқушыларының білім сапасының көрсеткіштерін талдау ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының жүргізілуі. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс бағдарламасына талдау. Білім сайыстарына қатысу нәтижелері. Пән олимпиадаларына қатысқан оқушылардың нәтижесі. Жалпыға бірдей құқықтық оқыту жұмыстарының барысы. | Дирекция мүшелері |
| Сәуір | 9 -11 сыныптардағы білім алушылардың аралық аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру. Қорытында аттестаттауға дайындық барысы. ДДСҮ – ның «Денсаулықты нығайтуға бйімділген мектептер» жобасының аясындағы жұмыстардың барысы. Оқушыларға экологиялық бағытта тәріне беру мен «Жасыл ел» бағдарламасының орындалу барысы. Педагог қызметкерлерді аттестаттау туралы. | Дирекция мүшелері |
| Мамыр | Жалпыға бірдей білім беруді іске асыру жұмыстарының қорытындысы. «Дала жиыны» жұмыстарының қорытындысы Қатаң есептегі құжаттардың жүргізілуінің қорытындысы Оқушылардың демалыс күндерін ұйымдастыру және сынып жетекшілердің жұмыстары туралы қорытынды талдау. Психолог, көркемдік жетекші және тәлімгердің жылдық қорытынды есебі Мұғалімдердің II жартыжылдық рейтинг нәтижесі. | Дирекция мүшелері |

**Әдістемелік кеңес жұмысы
2023-2024 оқу жылы**

| № | №1 отырыс (тамыз) | Жауаптылар |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1 | <ol style="list-style-type: none"> 1. 2023-2024 оқу жылына арналған ӘБ жұмыс жоспарын бекіту 2. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік нұсқау хатты зерттеу. 3. Тарификация, мұғалімдердің жүктемесі, сынып жетекшілерді, бірлестік жетекшілерін, кабинет меңгерушілерін бекіту. 4. Пәндік дәптерлерді жүргізу ережелері туралы ережелерді қарастыру: пәндер бойынша дәптер саны (бақылау дәптері, жұмыс дәптері, сөздіктер, зертханалық жұмыстарға арналған дәптерлер, шығармашылық жұмыстар, контурлық карталар) 5. Әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға дайындалуға оқушыларды анықтау/ олимпиадалық резервтер тізімін құру/ | ОІМ Унусаева Д.Б ӘБ жетекшілері |
| 2 | <p>№ 2 Отырыс (қараша)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдер рейтингісінің ережесін бекіту 2. І тоқсан бойынша оқушылардың әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатысу сапасы 3. «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауының мектепшілік кезеңін өткізу 4. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары / өзгерістермен таныстыру / | ОІМ Унусаева Д.Б ӘБ жетекшілері |
| 3 | <p>№3 Отырыс (қаңтар)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру жолдары»- педагог-зерттеушілер 2. Бірінші жартыжылдықтағы мұғалімдер қызметінің нәтижелері 3.ІІ тоқсан бойынша оқушылардың әр түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатысу сапасы 4. «Менің педагогикалық қобдишам» Бастауыш сынып бірлестігі | ОІМ Унусаева Д.Б педагог- зерттеушілер Бірлестік |

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

| Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау формасы/ әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|--------------|--------------------------------------------------|--------------------|---------------------------------------------------------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі. | КТЖ да үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы) | КТЖ және Үлгілік оқу бағдарламасы | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | 4 -6 қыркүйек | Директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары | Әдістемелік кеңес отырысы | Күнтізбелік жоспарды қарау, хаттама | |
| Оқу жұмыс жоспарының Үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі | Оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін анықтау(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) | Оқу жұмыс жоспары | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | 4-6 қыркүйек | Ашимханов К.Т. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары | Педагогикалық кеңес | Педагогикалық кеңесте қолданыстағы оқу жоспарларын талқылау және бекіту, хаттама | |
| Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқыту бойынша жұмыс құжаттарды реттеу | 1. КТЖ ның оқу пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларына, жеке оқу бағдарламаларына сәйкестігін анықтау. 2. КТЖ ны әзірлеудің дұрыстығын анықтау | Оқу жұмыс жоспары, дәрігер құжаттамалары | Тақырыптық | Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу | Қыркүйек | Унусаева Д.Б. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары | Педагогикалық кеңес | Инклюзивті білім беру ерекшеліктері туралы нұсқау беру | |
| Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы | Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамасыз ету. | Құжаттама | Фронталды | Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу | Қыркүйек | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. | Директор жанындағы отырыс | Құжаттардың талдаптарға сәйкестігін тексеру комиссиясын құру, тексеру акті, анықтама | |

| | | | | | | | | |
|----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|------------|--------------------------------------------------|-----------------|-------------------------------------------------------|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Электронды журналдың толтырылу жағдайы | Журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуын, электронды журналды толтыру талаптарына сәйкестігін, бағалардың қойылуын анықтау. | Электронды журнал | Фронталды | Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу | Тоқсан сайын | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Унускаева Д | Директор жанындағы отырыс | Журналды толтыру туралы есептің күн сайынғы түсірілімі, сандық және сапалық деректердің талдауы. |
| Жаппай оқумен қамтылу жағдайы | ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау | ҰБДҚ қоры | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | Қыркүйек Қаңтар | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары | Директор жанындағы отырыс | Мектеп жасындағы балалардың толық есебін алу |
| Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі | Педагогтарды аттестаттауды уақтылы және нәтижелі болу үшін құжаттарының дайындық деңгейін анықтау. | Педагогтар құжаттамасы (білім сапасы) | Тақырыптық | Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу | Қыркүйек Қаңтар | Директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары Унускаева Д | Әдістемелік кеңес | Педагогтер мен директор орынбасарларының біліктілікті арттыру курстары мен аттестаттаудан өту кестесін жүргізу. (біліктілікті арттырудың бекітілген бағдарламаларына сай). |

| | | | | | | | | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|--------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы | Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету. | Асхана, ас мәзірі | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Асхана құжаттарын тексеру, ата-аналар мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіу | Ай сайын | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г | Директор жанындағы отырыс | Санитарлық талаптардың сақталуына ай сайын шолу бақылауын жүргізу. | |
| Ата-аналар жиналысының, педагогикалық және әдістемелік кеңестің отырыстарының жүргізілуі | Хаттамалар мен бұйрықтардың талапқа сай толтыруын қамтамасыз ету. | Хаттамалар, бұйрықтар | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | Желтоқсан Мамыр | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Унуспаева Д Тагаева Г | Директор жанындағы отырыс | Ата аналар академиясын құру | |
| Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру | ҚТ бойынша журналдардың дұрыс және уақтылы ресімделуін анықтау. | Нұсқаулық журнал | Тақырыптық | Кешенді-жалпылаушы бақылау / ҚТ құжаттарын тексеру | Қыркүйек | Директордың оқу-тәрбие ісі, шаруашылық жөніндегі орынбасары Калиев К Лабанов А | Директор жанындағы отырыс | Техника қауіпсіздік журналдарын тексеріп шығу | |
| Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау | Қалыптастырушы және жиынтық бағалаулардың жүргізуде талаптардың бұзылуын уақытында анықтау. | Электронды журнал, БЖБ және ТЖБ кестесі | Фронталды | Сыныптық-жалпылаушы бақылау / | Тоқсан сайын | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. | Директор жанындағы отырыс | Әдістемелік бірлестік отырысында төмендегі сұрақтарды қарастыру : - тапсырмалардың оқу мақсатына сәйкестігі; -тапсырма көлемі; - тапсырма | |

| | | | | | | | | | |
|---------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|------------|---------------------------------------------------|--------------|---------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | | | | | | | | ны орындау үшін нұсқаулықтың болуы; - тапсырманы орындау уақытының берілуі; | |
| Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу | Мемлекеттік емтихандарды өткізу кестесінің сақталуы | Құжаттар | Тақырыптық | Сыныптық-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | Сәуір | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. | Директор орынбасары жанындағы отырыс | ҚА қатысатын педагогтерге емтихандарды өткізу ережесі мен жұмыстарды бағалау, академиялық адалдықты сақтау туралы ортақ түсінік қалыптастыру мақсатында нұсқаулық жүргізу; | |
| Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы | Білім алушылардың есепке алу кітабын толтыруда ықтимал қателіктер туралы ескерту. (толтырылуы) қадағалау | Алфавиттік кітап | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу | Тоқсан сайын | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т. | Директор жанындағы отырыс | Мектеп іс-қағаздарын жүргізу сапасын әр тоқсан сайын тексеріп | |

| | | | | | | | | | |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------------|---------------------------|-------------------------------------------------------------|--|
| | | | | | | | | отыру | |
| Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі | Оқушылардың әлеуметтік мәртебесін ескере отырып, оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау. | Оқулық қоры | Тақырыптық | Кешенді-жалпылаушы бақылау / оқулықтар қорымен және оларды оқушылар арасында ашық түрде тарату жұмыстарым ен танысу | Тамыз | Кітапханашы | Директор жанындағы отырыс | Оқулықтарды үлестіру мәселелері бойынша кітапханашы талдауы | |

II. ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

Мақсаты: мектептегі педагогикалық процестің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру.

Оқу процесінің бақылау объектілері:

- оқу бағдарламаларын орындау,
- оқушылардың білім деңгейі мен дағдылары,
- мұғалім жұмысының өнімділігі,
- дарынды оқушылармен жеке жұмыс,
- сыныптан тыс сабақ жұмысының сапасы,
- оқушылардың өзіндік таным әдістерінің дағдылары.

| № | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау формасы/ әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|-----------------|------------------------------|--------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|--------------|----------------------------|--------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| Қыркүйек | | | | | | | | | | |
| 1 | «О» білім кесіндісін жүргізу | Каникул кезеңінен кейінгі білім деңгейін анықтау | Негізгі пәндер бойынша білім деңгейі әр мектепте өздігімен анықталады | фронтальды | Кешендік-жалпылама бақылау | 04-08.09 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б. Унускаева ӘБ жетекшілері | Директор жанындағы отырыс | «Нәлдік» кесіндісін жүргізу және талдау. Өткен оқу жылындағы пәндерден білімді тексеру бойынша | |

| | | | | | | | | | | |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | | | | | | | | | әкімшілік кесінділер алу | |
| 2 | Оқу-тәрбие процесі (пән бойынша, параллель, сыртқы немесе қорытынды бағалауға дайындық бағыты бойынша) | Оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау | Әр пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейі | Фронталды | Кешенді-жалпылаушы бақылау/ бақылау, әкімшілік кесінді алу | 11-15.09 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б.Унұспаева Бірлестік жетекшілері | Директор жанындағы отырыс | Білім алушылардың кейбір топтары үшін, оқудағы қажеттілік терін есепке ала отырып сапалы білім алуына жайлы жағдайлар жасау | |
| 3 | Мектеп алды даярлық топтарында «Тіл дамыту» сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылықты арттыру жолдары; | Оқушылардың функционалды сауаттылық деңгейін анықтау | Функционалды сауаттылық деңгейі | Тақырыптық | Сыныптық-жалпылаушы бақылау/сабақты бақылау | 18-22.09 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б.Унұспаева | Оқу тәрбие орынбасары жанындағы отырыс | Білім алушылардың кейбір топтары үшін, оқудағы қажеттілік терін есепке ала отырып сапалы білім алуына жайлы жағдайлар жасау | |
| 4 | Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында инновациялық технологиялардың қолдануы | Оқу мен оқытудың тиімділігін анықтау | 1-4-сыныптардағы қазақ тілі сабағы (инновациялық технологиялар) | Тақырыптық | Пәндік-жалпылаушы бақылау/ іс-әрекеттегі зерттеу | 25-29.09 | Пән мұғалімдері Психолог Канашева А.М. | Әдістемелік кеңес отырысы | Мектептің ӘБ,ӘК-де пәндер бойынша білім сапасын көтеру | |

| | | | | | | | | | | |
|--------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|------------|--------------------------------------------------|----------|--------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | | | | | | | | | мәселелер ін қарау. | |
| Қазан | | | | | | | | | | |
| 5 | Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері | Мұғалімнің оқыту тәсілдері мен әдістерін саралау | 1-4-сыныптардағы дене тәрбиесі пәні (мұғалімнің әдістемелік жұмысы) | Тақырыптық | Пәндік-жалпылаушы бақылау/ іс-әрекеттегі зерттеу | 02-06.10 | Пән мұғалімдері Психолог Канашева А.М. | Әдістемелік кеңес отырысы | Мектептің ӘБ,ӘК-де пәндер бойынша білім сапасын көтеру мәселелерін қарау. | |
| 6 | 1-4 сынып бойынша математика сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру жолдары | Оқушылардың функционалды сауаттылық деңгейін анықтау | 1-4-сыныптардағы математика сабағы(функционалды сауаттылықты арттыру әдістері) | Фронталды | Сыныптық-жалпылаушы бақылау/тестілеу | 09-13.10 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б.Унұспаева | ДЖК | Сабақтарға өзара қатысу, сабақ жоспарларын бірлесіп әзірлеу, пән аралық байланыс орнату. Функционалды сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар базасын қалыптастыру | |
| 7 | Көркем еңбек, бейнелеу өнері пәнінің берілуі (1-4 сыныптар); | Оқушылардың шығармашылық ойлау, оқу дағдыларын анықтау | 1-4-сыныптардағы оқушылардың шығармашылық ойлауы мен дағдылары) | Тақырыптық | Сыныптық-жалпылаушы бақылау/сабақты бақылау | 16-20.10 | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б.Унұспаева | ДЖК | Өзара сабақтарға қатысу, Мұғалімге әдістемелік көмек | |
| 8 | 1 және 5 сыныптардың | Оқушылардың бейімделудегі | 1-тоқсан қорытындысы | Тақырыптық | Сыныптық-жалпылаушы / | | Директордың оқу ісі жөніндегі | Әдістемелік отырысы | Оқудың жаңа | |

| | | | | | | | | | | |
|----|------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|------------|----------------------------|----------|------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | бейімделу кезеңінде жаңа тақырыптарды меңгерудегі қиындықтарды анықтау | кедергілерді анықтау және шешімін іздеу | және оқу әрекеттері | | сабақтарды бақылау | 23-27.10 | орынбасарлары, Қ.Т.Ашимханов Д.Б.Унұспаева | | шарттарымен, жаңа мұғалімдермен, талаптармен таныстыру мақсатында бейімдеу бағдарламасын бекіту және енгізу. Педагогикалық консилиумдар өткізу; Жекелеген оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру; Психологтың сүйемелдеуі мен қолдауы; | |
